

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ» МҚҚК
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«№ 70 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» ШЖҚ КММ**

ЖОЛДА ЖҮРУ ЕРЕЖЕСІ

*Бағдарлама
5-сынып*

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 70 мектеп-лицей» ШЖЖҚ КММ әдістемелік кеңес отырысында қаралды (Хаттама № 4 05.01.2022 ж).

ПІКІР БЕРУШІЛЕР:

Искандарова Ж.Б, Нұр-Сұлтан қаласы, ПД «Алматы» ауданы, ПБ ЖПҚБ ЮПБ полиция капитаны.

Шамшатова А.А, Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Жамбыл атындағы №120 орта мектебі» КММ-нің директоры.

Құрастырушы: Забенов А.Қ. Жолда жүру ережесі. Бағдарлама. 5-сынып – Нұр-Сұлтан, 2022. – 11 б.

Бұл бағдарлама 5-сынып оқушыларына арналып құрастырылған. Көшеде жүру ережесі курсының негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып жасалған бұл бағдарлама оқушылардың жолда жүру кезіндегі қауіпсіздік ережелерін білуге, есте сақтауға үйретеді.

Түсінік хат.....	4
1.Бағдарламаның мазмұны.....	6
2.Күнтізбелік-тақырыптық жоспар.....	10
3.Бағдарламаның әдістемелік қамтамасыз етілуі.....	11
Пайдаланылған әдебиеттер.....	12

Бұл бағдарлама 34 сағатқа құрылған. Бұл авторлық бағдарлама 5-сынып оқушыларына арналған. Бағдарлама бойынша сабақтар, іс-шаралар № 70 мектеп-лицей алаңында 2017-2022 жылдары аралығында сынақтан өткізілген. Бағдарлама жолда жүру ережелерін насихаттауға бағытталған. Біз барлығымыз жол қозғалысына қатысушылар болып табыламыз. Сондықтан әрқайсымыз жеке жауапкершілікті сезіне білуіміз керек. Өзіміздің де, өзгелердің де өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмеу үшін барлығымыз жолда жүру ережелерін қатаң сақтап, жол бойында өз міндеттерімізді мүлтіксіз орындауға жауаптымыз. Егер біз және мектептегі орта буын мен жоғары буын оқушылары жол ережесін бұзса, кіші буын оқушылары да оларға еліктеп, жолда жүрудің денсаулық пен өмірге қауіпті әдеттеріне дағдыланады. Бұл орны толмас қайғылы жағдайға әкеліп соғуы сөзсіз. Сондықтан бүгінгі қоғамда балалардың қауіпсіздігі үшін айналамыздағы адамдардың жауапкершілігі, сол үшін олардың дұрыс үлгі көрсету керектігін түсіндіру қажеттігі туындап отыр. Сол себепті елімізде осыған байланысты әртүрлі шаралар қабылданып, өткізілуде. Барлық білім мекемелерінде оқушылар мен ата-аналарға осы бағытта ақыл-кеңестер беріліп, жиындар өткізіліп, насихаттау жұмыстары жүргізілуде. Республикамыздағы барлық мектептерде «Жол қозғалысының жас инспекторлары» (ЖҚЖИ) ұйымдары құрылған.

Жол қозғалысының жас инспекторлары бастауыш сынып білім алушыларына жолда жүру ережесі мен алғашқы көмек көрсетуді үйрету, насихаттау бағытында жұмыс жасайды және жыл сайынғы жүйелі жолға қойылған «Ғазиз Байтасов» атындағы республикалық слетке қатысып, тәжірибе алады. Алайда жол қозғалысының жас инспекторларын да оқыту, үйрету керек, бірақ біздің қолымызда жол қозғалысының жас инспекторларын оқыту, үйретуге арналған арнайы бағдарлама жоқ. Міне, сондықтан да бұл бағдарламаны ұсынып отырмын. Бұл бағдарлама балаларды азаматтық жауапкершілікке, жоғары мәдениетке, кәсіптік бағдарға, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Сабақ барысында оқушылар жол белгілері мен алғашқы көмек көрсетудің алғы шарттарын, сапта жүруді, велосипедпен жүру шеберлігін, жол реттеушінің сигналдарын, бағдаршам және көлік тарихын үйренеді. Әрбір сабақтан соң бақылау сұрақтары, тапсырмалар көмегімен оқушының жол қозғалысы ережелерін қалай меңгергендігі анықталып отырады.

Мақсаты – балалар мен жасөспірімдер арасында орын алатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу.

Міндеттері:

- оқушылардың көшелерде және жолдарда өзін-өзі ұстауының негізгі ережелері туралы мәлімет беру;
- жарақаттанғанда өзіне және жолдасына берілетін алғашқы көмек шараларын үйрету;

- велосипедшілер қозғалысының ережелері туралы мәлімет беріп, тәжірибе жасату;
- насихаттау жұмыстарын ұйымдастыру жолдарын көрсету;
- сапта жүру дағдыларын арттыруға мүмкіндік тудыру;
- бағдаршам, көлік тарихына шолу.

Күтілетін нәтиже:

- жолда жүру ережелерін біледі;
- алғашқы көмек түрлерін меңгереді, көрсете алады;
- велосипедшілер қозғалысының ережелерін біледі;
- насихаттау жұмыстарын ұйымдастырады;
- сапта жүруді үйренеді;
- бағдаршам, көлік тарихын біледі.

Жаңашылдығы:

Білім беруді даралау принциптері негізінде ҚЖИ тобымен жүргізілетін жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру арқылы балалар мен жасөспірімдер арасында орын алатын жол-көлік жарақатының жағдайына оң әсер ету. Сондай-ақ, кәсіптік бағдар беру арқылы білім алушыларды азаматтық жауапкершілікке, патриоттыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыс: дене шынықтыру, қазақ тілі.

1.БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ

Жол белгілері және олардың мақсаты. Жол белгілерінің 7 тобы: ескерту, басымдылық, тыйым салатын, алдын-ала жазылатын, ақпараттық-көрсеткіштік, сервис,қосымша ақпарат (табличкалар).Жол белгілерінің мақсаттары.Жол белгілерінің орнатылатын жерлері. Реттеуші. Реттеушінің дене қалпын ұстауы және жесттері, олардың мәндері.Реттелетін көшелерді, жолдарды кесіп жүріп өту ережелері.

Біз жол қозғалысы ережелерін білеміз бе? Балалармен жол-көлік оқиғаларының себептері: жүргіншілердің жол қозғалысы ережелерін сақтамауы, жолаушылардың көлікте өзін-өздері ұстау ережелерін сақтамауы, көшеде және көлікте және т.б. тәртіпсіздік. Жол қозғалысы ережелерін бұзған балалардың әрекеттерін талқылау.Жүргізуші еңбегінің психофизиологиясына әсер ететін факторлар.Жүргізуші еңбегінің қиындығы неде?Автомобильдің, автобустың қозғалысы кезінде жүргізушіні неліктен әңгімемен алаңдатуға болмайды?Заманауи көлік түрлерінің қысқаша сипаттамалары.Жүргізушілер кінәсінен болатын ЖКО: қозғалыс жымдамдығын көтеру, жүргінші өтпелерін жүріп өту, қоғамдық көлік аялдамалары, басып озу ережелерін бұзу, көлікті алкогольді мас немесе есірткіге елту күйінде басқару. Қоғамдық көлікті пайдаланған кезде өзін-өзі қауіпсіз ұстаудың негізгі ережелері. Жолаушыға көлікке отыру, одан түсу кезінде, қозғалыс кезінде және апатты жағдайларда төнетін қауіптер.Жол-көлік оқиғалары, олардың туындау себептері және мүмкін болатын салдарлары.

Ауа райы жағдайларының жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсері.

Қысқа жарық күн.

Мүмкін көз шағылыстырар жарқыраған күн.

Температураның құбылуы. Суықтық. Жауын, қар, тұман.

Жауынды күні тағы қандай қосымша қиындықтарды ескеру керек

ЖКО-да зардап шеккен балалар жарақаттарының негізгі түрлері мен себептері. Балалардың кінәларынан болатын жол-көлік оқиғалары.Жол-көлік оқиғаларында көбіне орын алатыны: бір жерлерін ауыртып алулар, шығып кетулер, сынықтар.Қан ағудың түрлері: артериалдық, веноздық, капиллярлық. Жараларды өңдеу тәсілдері. Асептик және антисептик шаралары.Жарақаттанған кезде ауруды бәсеңдету тәсілдері.Басты ауыртып алған және омыртқа зақымданған кездегі алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері. Үсік шалу, жүрек тоқтау, естен тану кезіндегі шаралар.

Жол қозғалысы ережелерінің шығу тарихы.

Жол қозғалысы ережелерінің әлемде, Ресейде шығуы туралы тарихи очерк. КСРО аумағындағы бірегей қозғалыс ережелері.

Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелері. Белгілердің халықаралық тілі. Жол белгілерінің мақсаты.

Велосипедте жүру.

Шығар алдында велосипедті қарап алу. Велосипедті жарақтап алу. Жабық алаңда үйірме жетекшісінің қадағалауымен оқу-жаттығу жүруі. Велосипед қозғалысына арналған жерлер. Жол үстіндегі қозғалыс кезінде велосипедті басқару құқығына қойылатын жас шегі. Велосипедшілермен болатын жол-көлік оқиғалары және олардан сақтандыру шаралары.

Саптық тік тұру және саптық санау түрлері мен насихаттау жұмыстары. Сап және оның элементтері. Алдын ала берілетін және орындалатын пәрмендер. Сарбаздың сапқа тұрар алдындағы және саптағы міндеттері. Сәлемдесуге орнында тұрып жауап беру.

САП ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАСҚАРУ.

Сап — әскери қызметшілердің, бөлімшелердің және бөлімдердің Жарғымен белгіленген өзара іс-қимыл жасаулары үшін жаяу тәртіптегі орналасуы. Қатар — қатарда белгіленген бір сызық бойында әскери қызметшілердің біреуі екіншісінің қасында орналасқан сап. Қаптал — саптың оң (сол) жақ шеті. Бұрылыс жасаған кезде сап қапталдарының аттары өзгермейді. Маңдайшеп — саптың әскери қызметшілер тіке қарап тұрған жағы. Саптың тыл жағы — маңдайшеп жағына қарама-қарсы жақ. Аралық — маңдайшеп бойынша әскери қызметшілердің, бөлімшелердің, бөлімдердің арасындағы аралық. Арақашықтық — түкпір жаққа қарай әскери қызметшілердің бөлімшелердің, бөлімдердің арасындағы аралық. Сап ені — қапталдар арасындағы қашықтық. Саптың ұзындығы — саптың бірінші қатарынан саптың соңғы қатарына дейінгі аралық. Екі қатарлы сап — бір қатардағы әскери қызметшілер басқа қатардағы әскери қызметшілердің ту сыртына қарай бір қадам арақашықтықта орналасқан сап. Қатарлар бірінші және екінші деп аталады. Сап бұрылыс жасағанда қатарлар өзгермейді. Лек — әскери қызметшілер бір-бірінің ту сыртында жарғымен немесе командир белгілеген арақашықтықта орналасқан сап. Жазылма сап — бөлімшелер маңдайшеп бойынша бір сызықтың бойында бір қатарлы немесе екі қатарлы сапта жарғымен немесе командир белгілеген арақашықтықта орналасқан сап. Жорық сабы — бөлімше лекке немесе бөлімшелер лектерде бір-бірінің артында белгіленген арақашықтықта орналасқан сап. Бағыттаушы — көрсетілген бағыттағы бірінші жүріп келе жатқан әскери қызметші. Тұйықтаушы — лектегі соңғы келе жатқан әскери қызметші. Алдын ала берілетін және орындалатын пәрмендер. Сапты басқару дауыспен, белгілермен командир беретін пәрмендермен және бұйрық берумен жүзеге асырылады. Пәрмендер алдын ала берілетін және орындалатын болып

бөлінеді; пәрмендер тек орындалатын ғана болуы да мүмкін. Алдын ала берілетін пәрмендер — саптағылар командирдің олардан қандай әрекеттерді талап етіп тұрғанын түсінуі үшін нық, қатты, және созылмалы дауыспен беріледі. Орындалатын пәрмен бойынша оны шұғыл және нақты орындау қажет. Пәрмендер берілгенде, саптағы әскери қызметшілер саптық тұрысты қабылдайды, ал саптан тыс болса, бастық жаққа бұрылады да, саптық тұрысты қабылдайды. Қабылдауды жою немесе орындауды тоқтату үшін: «Тоқтат» пәрмені беріледі. Сапқа тұру алдындағы және саптағы әскери қызметшінің міндеттері. Әскери қызметші: — өзінің қаруының, жеке қорғаныс құралдарының, бекініс құрал-саймандарының, нысанды киімдерінің және жабдығының жарамдылығын тексеруге; — нысанды киімдерін ұқыпты реттеуге, жабдықтарды дұрыс киюге және жөндеуге, анықталған кемшіліктерді жою үшін жолдасына көмектесуге; — саптағы өз орнын білуге, оған жылдам және әбігерсіз тұруға, қозғалыс кезінде түзелімді, белгіленген аралық пен арақашықтықты сақтауға, қауіпсіздік талаптарын орындауға, саптан рұқсатсыз шықпауға; — сапта рұқсатсыз сөйлеспеуге, темекі тартпауға, командирдің бұйрықтары мен пәрмендеріне ықыласпен назар аударуға, жылдам және нақты, басқаларға бөгет жасамастан орындауға; — бұйрықтарды, пәрмендерді бұрмаламай, қатты және нақты өткізуге міндетті. Сәлемдесуге орнында тұрып жауап беру. Аға шендінің «Сәлеметсіздер ме, оқушы мырзалар», «Қош болыңыздар, оқушы мырзалар» дегенде саптағы немесе саптан тыс тұрған барлық оқушылар: «Сәлеметсіз бе, аға лейтенант мырза», «Қош болыңыз, аға лейтенант мырза» деп жауап қатады. Әскери сәлемдесуді саптан тысқары өз орнында бас киімсіз бастықтан 3-4 адым жерде тұрып орындау үшін сол жаққа бұрылып саптық тұрысты қабылдау керек және оның соңынан бұрыла тұрып, оның бетіне қарауы керек. Егер бас киім киілген болса, саусақтар бірге, алақан тік, ортаңғы саусақ бас киімнің шетіне (күнқағарда) тиіп тұратындай, ал шынтақ иықтың сызығында және биіктігінде болатындай етіп оң қолды қысқа жолмен бас киімде ұстау керек.

Жол қауіпсіздік ережелері бойынша оқушылармен дәрістерді арнайы жабдықталған бөлмеде немесе арнайы автоалаңда (мектеп ауласында, дене тәрбиесі залында) көрнекі-оқу құралдарын, жабдықтарды және балалардың көлік құралдарын пайдалана отырып өткізу ұсынылады.

Алаңда өтетін жерлерде: жол қиылыстарында, жүргіншілер өтпесінде жол таңбалары салынады; уақытша немесе тұрақты бағдаршамдар, жол белгілері мен басқа да жабдықтар орнатылады.

Кейбір сабақтарды көшеде, жол қиылысында, алаңда (көлік құралдары қозғалысы мен жүргіншілер жүрісін көрсете отырып), қоғамдық көлікте өткізу ұсынылады.

Сабақтарды, жекелеген әңгімелерді, экскурсияларды және т.с.с. өткізу үшін мұғалім жол полициясы қызметкерлерін, көлік құралдары жүргізушілерін тарта алады.

Оқыту және сыныптан тыс жұмыс процесінде оқушыларды көшелер мен жолдарда өздерін саналы ұстауға, жол қозғалысы ережелерін мүлтіксіз орындауға тәрбиелеуге ықпал жасайтын қысқаметражды кинофильмдер, бейнефильмдер, диафильмдер, диапозитивтер көрсетіледі, викториналар, жүргіншілер мен велосипедшілер қозғалысы қауіпсіздігі жөнінен жарыстар ұйымдастырылады.

2.КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

Р/ с	Тақырыбы	Сағат саны
1	Жол белгілері. Ескерту белгілері	1
2	Басымдылық белгілері	1
3	Тыйым салу белгілері	1
4	Міндеттеу белгілері	1
5	Ақпараттық-көрсеткіш белгілері	1
6	Қызмет көрсету белгілері Қосымша тақтайшалар	1
7	Көше қиылыстары	1
8	Ауа-райы жағдайларының жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсері	1
9	Аялдау жолы және қозғалыс жылдамдығы.	1
10	Реттелмейтін көше қиылыстары.	1
11	Реттелетін көше қиылыстары. Бағдаршам.	1
12	Жол белгілері және жолға салынған таңбалар.	1
13	Оқушылардың көшелерде және жолдарда өзін-өздері ұстауларының негізгі ережелері.	1
14	Алғашқы медициналық көмек (тәжірибе)	1
15	Жүрекке сыртқы массаж жасау техникасы	1
16	Үсудің алдын алу шаралары және үсік кезінде көрсетілетін алғашқы көмек, күн тию туралы түсінік	1
17	Естен тану кезіндегі алғашқы көмек	1
18	Алғашқы медициналық көмек (тест)	1
19	Жас эрудит. Бағдаршам тарихы	1
20	Көлік тарихы	1
21	Велосипедке қойылатын техникалық талаптар	1
22	Сен – велосипедшісің	1
23	Велосипедте жүру	1
24	Велосипедпен жүру шеберлігі (тәжірибе)	1
25	Саптық тік тұру	1
26	Саптық санау түрлері	1
27	Саптық тік тұру және саптық санау түрлерінің ерекшеліктері	1
28	Саптық тік жүру шарттары	1
29	Саптық тік жүру барысындағы бұрылуды орындау	1
30	Орында және қозғалыстағы бұрылуды орындау	1
31	Саптық тік жүру барысында күрделі қимылдарды орындау	1
32	Жолда жүру ережелерін насихаттау	1
33	Қауіпсіздік шараларын насихаттау	1
34	Қорытынды сабақ	1

3.БАҒДАРЛАМАНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

Білім алушыларға жол белгілерін үйретудің маңызы зор. Жол ережесін білген бала өмір қауіпсіздігін сақтайды. Сонымен бірге өзге білім алушыларға да насихаттайды. Жол белгілерін үйретіп қана қоймай, өмір қауіпсіздігіне қатысты алғашқы көмек көрсету жолдарын да тәжірибе жүзінде көрсеткен өте тиімді болмақ. Саптық тік тұру мен саптық тік жүру, алғашқы көмек сабақтарын практикалық сабақтар түрінде өткізу керек. Білім алушының тыңдап, көріп қана қоймай, өзі қолданып, жасап көруі маңызды болып саналады. Саптық тік тұру, жүру арқылы оқушы жауапкершілікті сезінеді. Сабыр сақтап, топпен бірдей қимылдау, бірдей әрекет етуге дағдыланады. Бұның өзі білім алушының қоршаған ортаға бейімделуін қалыптастырады.

Ұсынылатын сабақ түрлері:

- Лекция сабақ;
- Кіріктірілген сабақ;
- Тәжірибе сабағы;
- Қайталау сабағы, т.б.

Ұсынылатын әдіс-тәсілдер:

- Сұрақ-жауап
- Екі жұлдыз, бір тілек
- Галереяны шарлау
- Джигсо
- INSERT
- Кластер
- Фишбоун
- Өрмекші

Мысалы, «Өрмекші» әдісін алып қарайтын болсақ, оқушылар постерге өрмекшінің сұлбасын сала отырып, басына тақырыпты, денесіне өзекті ойларды, аяқтарына тірек сөздер арқылы шешу жолдарын жазып, өз ойларын тиянақтап пысықтайды.

Сабақты бекітуде тест тапсырмаларын орындатқан дұрыс. Әр сабақ сайын 10 сұрақтан тұратын тест тапсырмасын орындайтын болса, білім алушы жол ережелерін жаттап алатыны сөзсіз.

Сабақтың соңында «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы оқушыларға кері байланыс беріп отырған жөн.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық/ Ж.Дәулетбекова, Г.Қосымова. – Алматы: Атамұра, 2017. – 111 б.
2. Бастапқы әскери дайындығы сабағында қолданылатын саптық жаттығулар. С.Н. Асқапов, М.Е.Құсмиденов, А.Ш. Жангазин. Алматы, 2015. – 28 б.
3. Жүрекке сыртқы массаж жасау техникасы – Жүрек қызметінің тоқтауы. <http://mydocx.ru/11-61428.html>
4. Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері. <http://www.melimde.com/tirshilik-auipsizdigini-negizderi-peninen-universitetti-barli-v2.html?page=7>
5. Жол қозғалыс ережелері. Шелл концерні. – Астана, 2018. – 18 б.
6. Насихат. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9D%D0%B0%D1%81%D0%B8%D1%85%D0%B0%D1%82>
- 7.Естен тану кезіндегі алғашқы көмек. <http://kazmedic.org/>
- 8.Проблемы безопасности дорожного движения. М.:ВНИИБД МВД,1985.–75 б.
- 9.Жолда жүру ережелері. – Алматы.: Транспорт, 1999. – 80 б.
10. Педагог бюллетені. Е.М.Хасанов. – Қостанай, 2015. – 160 б.
11. Жол жүрісі туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V ҚРЗ., 8-тарау
12. Жолда жүру ережелері. – Алматы.: Транспорт, 2018 – 26 б.
13. Жолда жүру ережелері <https://safety-driving.kz/online2/exam/beta/#pages/tests.php>
14. Жол қозғалысының қауіпсіздігі. В.В.Лукьянов. – М.:Көлік, 1978.-247 б.
15. Көшелер мен жолдардағы қозғалысты басқару. П.В.Рушевский, Л.В.Гуревич. – М.:Көлік, 1971. – 200 б.